

**«Кеңгір селосының №2 ЖББМ» КММ бракераж комиссиясы отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Жезказған, Кеңгір с.

Қатысқандар: 5

« 10 » 09 2024ж

1. Г.Ш.Аяшова
2. З.Т.Асаубаева
3. М.Б.Ералиева
4. Н.С.Абжиева
5. Д.М.Жубанова
6. М.М.Абдуллаева

№2 ЖББМ КММ директоры, комиссия төрайымы;
№2 ЖББМ КММ директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары
Ата-аналар қауымдастығының мүшесі
№2 ЖББМ КММ медбигі
№2 ЖББМ КММ әлеуметтік педагог
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

Күн тәртібі:

1. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы.
2. Тамақтандыруда әзірленген астың сапасы.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.Т.Асаубаева қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру мақсаты: Асхананың санитарлық жағдайы. Азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

Бірінші мәселе бойынша: Комиссия мүшесі медицина қызметкері Н.С. Абжиева мектеп асханасында 3 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 1 аспазшы, 1 аспазшының көмекшісі, 1 ыдыс жуушы жұмыс жасайды деді.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерін, бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза, тазалығы үнемі қадағалануда деді.

Жаппай оқыту қоры қаражаты есебінен аз қамтылған отбасы балалары үшін тегін тамақпен 22 оқушы қамтамасыз етілген. Сонымен қатар 1-4 сынып оқушыларына асханадан тегін тамақ беріледі. Қалған оқушыларды тамақпен қамту ата-анасының есебінен төленеді.

Екінші мәселе бойынша: М.Ғ. Әбдіқожа өз сөзінде асхананы жалға алушы азық-түлік сертификаттарын ұсынды. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді.

Ас ішу блогында 2 тоңазытқыш бар, оларда температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік сынама бақылауын іске асырады. Ас ішу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стеллаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Мектеп медбикесі бракераж журналын күн сайын толтырады. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалатынын айтты.

Шешімі:

1. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:

Г.Ш. Аяшова

Д.М. Жубанова

